



Тәжірибеден өтуге арналған виза

Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегін ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпаратқа» назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана „Тұрғылықты тұру туралы“ заңының 54-ші § сәйкес қол қойылған түсініктеме
- 3 **биометриялық** төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік төлқұжаты + толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі**. Шетелдік төлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Тәжірибеден өту туралы келісім-шарт келесі мәліметтер көрсетілген түпнұсқада + 2 данада жасалады:
 - Жұмыс берушінің мекен-жайы және байланыс деректері
 - Жұмыс түрі: толық немесе толық емес жұмыс күні
 - Еңбек қатынастарының ұзақтығы
 - Қызмет атауы
 - ЕУРО бойынша салық және басқа аударымдарды есепке алмағандағы айлық жалақы. Егер ең төменгі жалақы талабынан өзгешелік болса (мысалы, тәжірибе): жоспарланған тұру мерзімі үшін айына 752 евро таза немесе 939 еуро көлемінде қаржыландыруды растайтын құжат қажет болады. **Егер тәжірибе ақысы 752 еуродан немесе 939 еуродан аз болса, қаржыландыру туралы келесі құжаттарды ұсынуға болады:**



- Неміс банкінде **бұғатталған шоттың** ашылғанын растайтын құжаттың екі данасы. Виза алу үшін өтініш тапсырылған кезде, осы шоттың ресми ашылуы және төленген жалпы қаражат пен ай сайын қолға берілетін қаражат көрсетілуі керек. Бұл қаражатты көрсетпестен растау жеткіліксіз. Бұғатталған шотты Германияда мақұлданған барлық қаржы институттарында ашуға болады. Сіз біздің веб-сайтымызда осы әлемдік қызметті ұсынатын қызмет көрсетушілердің тізімін таба аласыз.

HEMECE

- **Қазақша шоттағы** қаражаттың жеткілікті екендігін растайтын құжат түпнұсқа және екі көшірмесі. Өтінішті қарау барысында бұғатталған есеп шотты ашу қажет болуы мүмкін.

Сіздің кәсіби біліктілігіңізді растайтын құжаттың түпнұсқасы + 2 көшірмесі:

- Сіздің соңғы бітірген жоғарғы оқу орны: **диплом және бағалар тізімі**
- Соңғы алынған кәсіби біліктілік: **бағалар тізімі көрсетілген диплом**
- Тиісті кәсіби тәжірибе мен біліктілікті арттыру жайлы құжаттар

Екі данада жазылған және қол қойылған уәждемелік хат; хатта тұруға байланысты жоспарланған күтулер, кәсіби және жеке пайдалар, сондай-ақ болашаққа арналған жоспарлар көрсетілуі керек.

Егерде бар болса: бұрын неміс тілін меңгергеніңіз туралы құжаттың түпнұсқасы + 2 дана көшірмесі

Германияда тағылымдамадан өтуге Сіздің университетіңіз [ANABIN дерекқорында](#) „Н+“ мәртебесінде тіркелген жағдайда ғана өте аласыз. Кейбір жағдайларда дипломатиялық өкілдіктер қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін:

- Сіз қай семестрде оқитыныңызды, оқуды қай жылы бітіретініңіз жайлы ақпарат беретін жоғары оқу орнына түсу туралы куәлік түпнұсқасы + 2 дана көшірмесі
- Сіздің болашақ тұрғылықты жеріңізге жауап беретін Федералды жұмыспен қамту агенттігінің келісімі, түпнұсқа + 2 дана көшірмесі

Қазақстан Республикасының азаматтығы жок өтініш берушілерге:

Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, түпнұсқасы мен екі көшірмесі.